«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» КММ

Бекітемін:
Жас туристер станциясы директоры
_________ Г.Д Терехова
«___»_________20__ж

Бағдарлама
Жас туристер станциясының әдістемелік кеңесі мәжілісінде қаралған:
«___»_______20__ж,

№___хаттама

**Қосымша білім беру**
**БАҒДАРЛАМА**
(Спорттық бағдарлау)

10 - 13 жастағы білім алушылар үшін
бағдарлама жүзеге асырылатын мерзім 1 жыл

Жас туристер станциясының қосымша білім беру педагогы
Жумагалиев М.К

Щапов - 2021

## Түсінік хат

**Спорттық бағдарлау** – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу. Өлкетану ғылыми ізденімпаздылыққа бастайтын нақты жол. Іздену оқып үйрену барысында оқушылар белсенділік танытумен қатар бүтіндей оқу материалын меңгереді. Білімдерін танымдық іс-әрекеттерін күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашаққа қажетіне жаратады. Өзі туған өлкесі туралы оқып үйреніп тарихи ұғымдарды қалыптастырады. өлке тарихы туралыматериалдар жинақталады. Туған өлкені іздестіру-зерттеу жұмыстарын төмендегідей үлгімен жүзеге асыруға болады.

Қазіргі таңда туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасайды. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан Өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспед-ицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

| Үйірмеатауы | Үйірме саны | Оқушылар саны | Барлық сағат саны | Сабақтүрі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Теориялық | Практикалық |
| Спорттық бағдарлау | 1 | 12 | 216 | 78 | 138 |

Үйірме аптасына 3 сағаттан 2 рет жүргізіледі.

**Ерекшелігі** : бағдарлама өлкетану қызметі – туған өлке арқылы оқушыларға еліміздегі табиғи, рухани байлықтарымызды танып-білуге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге, қоршаған ортаны кең көлемде тануға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламада экология-экономикалық дәрістер, туристік-өлкетану, экологиялық жорықтар, саяхаттар оқушыларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде , адамды рухани дамытуда ең пәрменді бағыт екендігі ескерілген. Сондай-ақ үйірме мүшелерін жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне қарай екі топқа бөліп (экологиялық және өлкетану топтары), ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу да көзделген.

**Жаңалығы:** биогеографиялық ақпараттарды молынан қамту, тарихи дерек

көздерімен, мемуарлық, ғылыми-ақпаратық әдебиеттер мен баспа беттерімен жұмыс жасауды меңгерту

**Тиімділігі:** туған өлкенің экологиясын, тарихын өз бетімен оқуға деген құлшынысын дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көтеру, экологиялық жорықтар мен жарыстарға қатысу арқылы шеберліктерін шыңдау.

**Мақсаты:**

Мектеп оқушыларының өзіндік дамуын, ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық және интеллектуальдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеу қасиетін ашу. Азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, туған өлкенің табиғатын аялауға, мәдени, рухани мұраларды танып білуге, сақтауға тарту, туған жеріміздегі танымал тұлғаларды дәріптеп, оларды үлгі тұту. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын ұстануды көздейді.

**Міндеті:**

Әлеуметтік-педагогикалық: жеке тұлға қалыптастыру, «Кіші Отанына» деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, өзінің туған өлкесі тарихына деген мақтаныш түйсігін, патриотизмді көтеру, мамандық таңдауға баулу (эколог, өлкетанушы, зерттеуші, жазушы, журналист т.б)

Білімділік: өңірдің табиғат байлықтарын қорғау, қала мен жеке адамдар, тарихи тұлғалар туралы білімдерін кеңейту, іздестіру-зерттеу жұмысының негіздерін үйрету, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар өлкетану курсы аясында туған жердің тарихи, табиғи ескерткіштерін танып біледі; өлкетану – экологиялық зерттеулерді толық меңгереді.

## Күнтізбелік жоспар

| № р/с | өтілетін күні | тақырыптар атауы | сағат саны | теория. | практик. |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2021 жыл** | **I. Кіріспе сабақ. Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулар.** | **3** | **3** | |
| *1.* | *16.09* | *Үйірме мүшелерін жылдық жоспармен таныстыру. Топтың атын, ұранын, төсбелгісін, әнін шығару.* | | *3* | |
| | | **II. Бағдарлау спорттың бір түрі ретінде қалыптасуы.** | **9** | **9** | |
| *1.* | *21.09* | *Кіріспе.Бағдарлау Спорт реттінде қалыптасу кезені.* | | *3* | |
| *2.* | *23.09* | *Бағдарлау білімін қалыптастырудағы танымжорықтың маңызы..Бағдарлау мен спорттық бағдарлау айырмашылығы.* | | *3* | |
| *3.* | *28.09* | *Жорық кезіндегі өмір қауіпсіздігі. АМКК* | | *3* | |
| | | **III. Спорттық бағдарлау тарихы.** | **12** | **6** | **6** |
| *1.* | *30.09* | *Бағдарлау дегеніміз не? Бағдарлудың даму тарихы.* | | *3* | |
| *2.* | *5.10* | *Деркул өзені бойына саяхатқа шығу және өзен жағасын тазалау, экологиялық акция жүргізу.* | | | *3* |
| *3.* | *7.10* | *Щапов ауылының Картасын түсіруге алғышарт жасау* | | | *3* |
| *4.* | *12.10* | *Қолда бар әдебиеттік және картографиялық материалдармен танысу. Туған өлкені бақылап көру, физикалық- географиялық сипаттау.* | | *3* | |
| | | **IY. Спорттық бағдарлау жарысының ережесі және спорттық бағдарлау педагогикасы.** | **18** | **9** | **9** |
| *1.* | *14.10.* | *Әлемдегі Бағдарлау спорты туралы ақпарат жинау.* | | *3* | |
| *2.* | *19.10* | *Бағдарлау қысқы ойындарға кірістірілген спорт.* | | *3* | |
| *3.* | *21.10* | *Бақылау уақыты. Бақылау пункті. Бақылау карточкасы. Жарыс дистанциясы. Техникалық ақпараттар.* | | *3* | |
| *4.* | *26.10* | *Бағдарлаудың адам өміріндегі маңызы.* | | | *3* |
| *5.* | *28.10* | *Маркировкаланған трассада бағдарлау.* | | | *3* |
| *6.* | *2.11* | *Таңдау бойынша бағдарлау.* | | | *3* |
| | | **Y. Бағдарлау техникасы. Соның ішінде:** | **72** | **18** | **54** |
| 1. | | Картамен жұмыс істеу техникасын меңгеру. | | | |
| *1.1* | *9.11* | *Карта түсінігі. Спорттық карта.* | | | |
| *1.2* | *11.11* | *Масштаб.* | | *3* | |
| *1.3* | *16.11* | *Спорттық картаның шартты белгілері.* | | *3* | |
| *1.5* | *18.11* | *Шартты белгілерді анықтауға арналған жаттығулар.* | | *3* | *3* |
| 2. | | Компаспен жұмыс істеу техникасы. | | | |
| *2.1* | *23. 11* | *Қазақстандағы үздік бағдарлушылары туралы мағлұмат жыйнақтау.* | | *3* | |
| *2.2* | *25.11* | *Компастың құрылысы, оны пайдалану. Азимут және* | | | *3* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *оны анықтау Жергілікті белгілер және күн бойынша көк жиекті анықтау.* | | | |
| 2.3 | 30.11 | *Компаспен жұмыс: азимутты анықтау – уақытты тура және кері белгілеу.* | | | 3 |
| 2.4 | 02.12 | *Картадағы қашықтықты және бағытты өлшеу.* | | | 3 |
| 2.5 | 07.12 | *Қашықты көзбен өлшеу.* | | | 3 |
| 3. | | Бағдарлау техникасының элементтері. | | | |
| 3.1 | 09.12 | *Картаны бағдарлау.* | | | 3 |
| 3.2 | 14.12 | *Жергілікті жердегі желілер, сызықтар бойынша картаны бағдарлау.* | | | 3 |
| 3.3 | 15.12 | *Компас бойынша картаны бағдарлау.* | | | 6 |
| 3.4 | 21.12 | *Картаны бағдарлауға арналған жаттығулар.* | | | 3 |
| 3.5 | 23.12 | *Картаны оқу жаттығулары.* | | | 3 |
| 4. | | Шаңғымен жүру техникасы. | | | |
| 4.1 | 28. 12 | *Мәре коридорындағы техникалық іс- әрекет.* | | 3 | |
| 4.2 | 30.12 | *Бағдарлау пунктінде және бағдарлау ауданындағы бағдарлаушының техникалық іс- әрекеті.* | | 3 | |
| 4.3 | 06.01-13.01.2022 | *Берілген қашықтыққа дистанция сақтай отырып жүру.* | | | 6 |
| 4.4 | 18.01 | *Шаңғыда тұру, құлау. Шаңғымен жүру техникасы.* | | | 3 |
| 4.6 | 25.01 | *Шаңғы тебу тәсілдері. Шаңғымен кедергілер арқылы өту.* | | | 3 |
| 4.7 | 27.01 | *Қысқы бағдарлау ерекшеліктері.* | | | 3 |
| 4.8 | 01.02 | *Шаңғымен табиғат аясына саяхат.* | | | 3 |
| 4.9 | 03.02 | *Шаңғымен түсу, көтерілу, кедергілер арқылы өту, қысқы бағдарлау.* | | | 3 |
| 4.10 | | **ҮІ. Бағдарлаудағы спорттық жаттығу жүйесі. Соның ішінде:** | **54** | **18** | **36** |
| 1. | | Жалпы физикалық дайындық. | | | |
| 1.1 | 08.02 | *Жарыс жаттығулары.* | | | 3 |
| 1.2 | 10.02 | *Арнайы дайындық жаттығулары.* | | | 3 |
| 1.3 | 15.02 | *Жалпы дайындық жаттығулары.* | | | 3 |
| 1.4 | 17.02 | *Ойын әдістері.* | | | 3 |
| 1.5 | 22.02 | *Жаттығу жүктемелерінің компоненттері.* | | | 3 |
| 2. | | Тактикалық дайындық. | | | |
| 2.1 | 24.02 | *Жол таңдау тактикасы.* | | 3 | |
| 2.2 | 01.03 | *Картографиялық факторлар.* | + | 3 | |
| 2.3 | 03.03 | *Жергілікті жердің ерекшеліктері.* | | 3 | |
| 2.4 | 07.03 | *Дистанциялар бойынша қозғалыс жылдамдығы.* | | | 3 |
| 2.5 | 10.03 | *Тактикалық жаттығулар.* | | | 3 |
| 3. | | Психологиялық дайындық. | | | |
| 3.1 | 15.03 | *Жарыс алдындағы бағдарлаушының жай- күйі және ретке келтіру әдістері.* | | 3 | |
| 3.2 | 17.03 | *Бағдарлаушының дистанциядағы эмоциялық және психикалық жағдайы.* | | 3 | |
| 3.3 | 24.03 | *Психологиялық тест.* | | | 3 |
| 3.4 | 29.03 | *Арнайы жаттығулар.* | | | 3 |
| 4. | | Мотивациялық- ерікті дайындық. | | | |
| 4.1 | 31.03 | *Интеллектуалды дайындық.* | | 3 | |
| 4.2 | 05.04 | *Бағдарлаушының логикалық икемділігін дамыту* | | | 3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *тәсілдері.* | | | |
| *4.3* | *07.04* | *Есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар.* | | | *3* |
| *4.4* | *12.04* | *Спортшылармен арнайы жеке жаттығулар.* | | | *3* |
| | | **YII. Бағдарлаудағы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету.** | 18 | 9 | 9 |
| *1.* | *14.04* | *Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру* | | *3* | |
| *2.* | *19.04-21.04.* | *Бағдарлаудағы қауіпсіздік ережелерді оқу жаттау* | | *6* | |
| *3.* | *11.04-16.04* | *Қауіптің алдын алуға арналған құрал - жабдықтар* | | | *6* |
| *4.* | *18.04* | *Адам қауіпсіздігі, ережеге сүйене отырып жұмыс жүргізу* | | | *3* |
| | | **YIII. Алғашқы медициналық көмек.** | 15 | 6 | 9 |
| *1.* | *23.04-25.04* | *Туған өлке бойынша жүргізілетін жорықтарда болуы мүмкін жарақаттар, жарақаттанған жағдайларда көмек көрсету.* | | *6* | |
| *2.* | *30.04-02.05* | *Жарақаттанған адамды тасымалдау әдістері.* | | | *6* |
| *3.* | *6.05* | *Денеде түрлі жаралар мен сынықтар болған жағдайда алғашқы көмек көрсету тәжірибелері.* | | | *3* |
| | | **IX. Бағдарлау бойынша әртүрлі жарыстар мен жаттығулар.** | **15** | | **15** |
| *1.* | *10.05-14.05* | *Жабық бөлме жағдайында бағдарлау бойынша жарыстар.* | | | *6* |
| *2.* | *16.05* | *Спорттық лабиринт.* | | | *3* |
| *3.* | *21.05* | *Еске сақтау бойынша бағдарлау.* | | | *3* |
| *4.* | *23.05* | *Жарыс қорытындыларын шығару және талдау жасау.* | | | *3* |
| | | **Барлығы:** | **216** | **78** | **138** |